

Ерейментау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 3 қазандағы № 5С-19/3-13 "Ерейментау ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 мамырдағы № 6С-13/5-17 шешімі. Ақмола облысының Эділет департаментінде 2017 жылғы 5 маусымда № 5984 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 сәуірдегі № 6С-48/5-20 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 20.04.2020 № 6С-48/5-20 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

РҚАО - ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ерейментау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 3 қазандағы № 5С-19/3-13 "Ерейментау ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3854 болып тіркелген, аудандық "Ереймен" газетінде 2013 жылғы 2 қарашасында, аудандық "Ерейментау" газетінде 2013 жылғы 2 қарашасында жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ерейментау ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

6 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"6. Әлеуметтік көмек бір жолы және жылына бір рет көрсетіледі.";

9 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"9. Әлеуметтік көмек көрсетіледі:

1) Жеңіс Күніне - 9 мамыр:

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мұгедектеріне;

женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысуышыларға теңестірілген тұлғаларға;

женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мұгедектеріне теңестірілген тұлғаларға;

женілдіктер мен кепілдіктер жағынан соғысқа қатысуышыларға теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына;

2) Қарт адамдар күніне;

ең төменгі зейнетақы және жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын зейнеткерлерге;

3) Мұгедектер күніне:

18 жасқа дейінгі мұгедек балаларға;

1, 2, 3 топтағы мұгедектерге;

4) кірістері есептелмей жылына бір рет әлеуметтік көмек келесі азаматтарға (отбасыларына) көрсетіледі:

қуғын-сұргінге ұшыраған азаматтарға екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

табиғи апат немесе өрттің салдарынан зардал шеккен, не оның мүлкіне нұқсан келген азаматтарға (отбасыларына), өмірлік қызын жағдай туындағаннан кейін, үш айдан кешіктірмей "Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар бойынша министрлігі Ақмола облысы төтенше жағдайлар бойынша департаменті Ерейментау ауданының төтенше жағдайлар бойынша бөлімі" мемлекеттік мекемесінің анықтамасы негізінде. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді. Әлеуметтік көмектің шекті мөлшері жуз елу айлық есептік көрсеткішке тең;

әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын азаматтарға (онкологиялық аурулармен ауыратын тұлғаларға) дәрігерлік-кеңестік комиссиясының қорытындысы бойынша он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) кірістері есептелмей жылына бір рет әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын азаматтарға (туберкулезден ауыратын, амбулаторлық емдеудегі тұлғаларға) дәрігерлік-кеңестік комиссиясының қорытындысы бойынша әлеуметтік төлем жөніндегі комиссия шешімі бойынша он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде және он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде азық-түлік пакеті;

6) күнкөріс деңгейінен төмен кірісі бар отбасыларға (азаматтарға), жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде:

медициналық мекемеден эпикриз қорытындысының көшірмесі негізінде шұғыл емделуіне (ота);

Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 4 қарашадағы № 786 "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық деңгейде тегін немесе женілдікпен берілетін дәрілік заттармен және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 7306 тіркелген) бұйрығымен бекітілген тізбеге кірмейтін дәрілік препараттарды сатып алғандары үшін дәрігерлік-кеңестік комиссиясының қорытындысы бойынша;

7) аз қамтылған отбасылардан, халықтың (отбасылардың) әлеуметтік – әлсіз топтарынан шыққан, студенттерге колледждерде бір оқу жылдарының оқу шығындарын жыл сайын жүз пайызға өтеу;

аз қамтылған отбасылардан, халықтың (отбасылардың) әлеуметтік – әлсіз топтарынан шыққан, жоғарғы медициналық оқу мекемелерінде оқитын студенттеріне - бір оқу жылдарының оқу шығындарын жыл сайын жүз пайызға өтеу;

аз қамтылған отбасылардан, халықтың (отбасылардың) әлеуметтік – әлсіз топтарынан шыққан, жоғарғы медициналық оқу мекемелерінде интернатура бойынша оқитын студенттеріне (Қазақстан Республикасы бойынша тұратын тұрғылықты жеріне қарамастан) - бір оқу жылдарының оқу шығындарын жыл сайын жүз пайызға өтеу.

Төлем білім беру мекемесімен жасасқан келісім шарттың көшірмесі, аудан әкімі, студент және жұмыс беруші арасында жасалған келісім шарттың негізінде, оқу орнынан берілген анықтаманың және өтініш берушінің (отбасының) аз қамтылған азаматтар (отбасылар) немесе халықтың әлеуметтік-әлсіз тобына жататынын растайтын анықтама негізінде аудандық бюджет есебінен жүргізіледі .".

2. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ерейментау аудандық  
мәслихатының сессия  
төрағасы*

*Ерейментау аудандық  
мәслихатының хатшысы*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Ерейментау ауданының әкімі*

**12 мамыр 2017 жыл**

*T.Стекольщикова*

*Қ.Махметов*

*E.Нұғыманов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК